



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

On-line научной конференции

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в
практику социальной работы»**

PROCEEDINGS

On-line Scientific Conference

for students and young scholars

**«Issues of implementation of standards and case
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

Редакционная коллегия:

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягоз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.

МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікєрова Г.О.**
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

12. Асет Л.Е. Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
13. Әлмұрат Д.Қ. Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б. Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
15. Берикболова У.Д. Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ. Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
17. Жұмабек С. Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
18. Коняхина А.А. Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х. Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К. Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
21. Шингизбаева М. Н. Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
22. Смагамбет. Б.Ж. Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
23. Исахова Г.Д. Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М. Социальная реклама в современных реалиях.....	136
25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А. Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
26. Аширбаева Ф.М. Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
27. Отар Э.С. Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыстылықтың алдын алу және қылмыстық сот төрелігі саласындағы стандарттары мен нормаларының жинағы, Нью-Йорк, 2007г. – 396с.

4. Соттардың қызметі туралы, оның ішінде республика соттарының сот төрелігін іске асыру жағдайы туралы талдамалық баяндамалар мен ақпараттық сипаттағы шолулар. Кіру режимі: <https://sud.gov.kz/rus/content/analiticheskie-doklady-i-obzory-informacionnogo-haraktera-o-deyatelnostisudov-v-tom-chisle>.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

6. Шет елдердің қылмыстық құқығы. 3 Т. 1 Том. Жалпы бөлім. Англия. АҚШ: бакалавриат және магистратураға арналған оқулық / отв. мағлұмат Е. Крылов. – 5-ші басылым., перераб. и доп. – М.: Баспасы Юрайт, 2017. – 240 с.

7. Шет елдердің қылмыстық құқығы. 3 Т. 2 Том. Жалпы бөлім. Франция, Германия. Италия. Жапония: бакалавриат және магистратураға арналған оқулық / отв. мағлұмат Е. Крылов. – 5-ші басылым., перераб. и доп.– М.: Баспасы Юрайт, 2017. – 263 с.

ҚАМҚОРЛЫҚ – ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ОБЪЕКТІСІ

Б.Ж.СМАҒАМБЕТ,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ә.ғ.к., доцент

Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

Заманауи әлеуметтанудағы өзекті мәселенің бірі - күтім және күтім жұмысы. Әлеуметтану алаңында адам күтімі және күтім жұмыстарының саналуан саласын ұйымдастыруда ағымдағы және болашақтағы түбегейлі өзгерістерді талда-саралаудың ғылыми-практикалық қырларының жан-жақты зерттелуі қажеттігі тұжырымдалып отыр.

Осы саланы зерттеу барысында назар аударылуы тиіс бағыттар – «күтім саласының жаңа нарығы, дене (сымбат) маркетингизациясы, отбасылық және гендерлік тетіктердің өзгерістері, көпші-қон және жаһандық әлеуметтік көмек жүйелерінің заманауи капитализм және жыныс, нәсіл пен тап қатынасымен біте қайнасып жатуы» деп көрсетіледі *Жаһандық Диалог* журналының 2018 жылғы екінші шығарылымындағы кіріспе сөзде. Осы нөмірдегі мақалалар топтамасы «*Үй Қызметкерлері Құқықтарын Зерттеу Желісімен* бірге осы сектордағы еңбек ахуалын жақсарту үшін табысты жұмыс жасап жүрген әлеуметтанушылар мен белсенділердің ықпалды халықаралық бастамасымен» таныстырады.

Әлеуметтанушылар қамқорлықтың әлемдік дағдарысы туралы айта отырып, оның себептерін көрсетуде. Мысалы, Хайди Готфрид, Дженнифер

Джихай Чан «Шегі жоқ қамқорлық: күтім мен күтім жасаудың өзгеруі» деген мақалада әлеуметтік қамқорлықты зерттеу - заманауи әлемдегі әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістер туралы бүгінгі пікірталастардың өзегінде тұр» деп санайды.

Зерттеушілер қамқорлық саласының дағдарысына тікелей ықпал ететін құбылыстың бірі көші-қон деп есептейді. Қазіргі күні әлемде 223 миллион мигрант бар, оның жартысынан көбі –әйелдер. Олардың «үшінші әлемнен» дамыған елдерге ағылуы таптық, жыныстық, нәсілдік және ұлттық сипаттағы теңсіздіктің бұрынғы түрлерін тереңдетіп, жаңа түрлерін өндіруде. Батыс пен Шығыстың дамыған елдерінің қамқорлық көрсету нарығындағы мәселелердің шиеленісуін зерттеушілер неолибералды экономиканың шығындары және салдарларымен байланыстырады. Мигрант-күтушілер еңбегінің нарықта құнсыздануы, әсіресе, күтім саласындағы әйел-мигранттардың күнделікті өмірдегі нәсілдік және жыныстық кемсітушілікпен бетпе-бет келуі, балаларға, қарт адамдарға және жеке үй шаруашылығына күтім жасайтын, жалақысы төмен және бейресми жұмыс орындарының санының артуы және т.б. «жағдайлармен байланысты еңбекті құнсыздандыратын және бүркемелейтін күтім идеологиясының басымдығын көрсетеді».

Заманауи қоғамдағы нарықтық басымдықтар әлеуметтік күтімге тән жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне қатаң рационалдық принциптердің, яғни әлеуметтік жұмыстың коммерциялануымен байланысты жаңа қатынастарды құқықтық реттеу, бағалау қызметтерінің пайда болуы және институттануы процесін тездетіп отыр.

Зерттеушілер күтімнен басқа қамқорлық қызметінің тағы бір «назардан тыс еңбек» деп аталатын түрі туралы айтады. Соның бірі - «әлеуметтік, саяси, құқықтық тұрғыдан мойындалмаған суррогат аналар» еңбегі. Суррогат ананың еңбегі қалай бағалану керек? Ол –тауар ма, сыйлық па?

Әлеуметтанушылар мемлекеттер күтім нарығындағы жауапкершілікті құқықтық тұрғыдан реттеуге ден қоймағанымен, оның маркетингизациясын қолдайтын реформалар қабылдап отырғанын көрсетеді.

Қамқорлық әлеуметтануы постсоциалистік Шығыс Еуропа елдері азаматтарының жағдайына да назар аударады. Әйел-мигранттардың отбасын еріне тастап, батысеуропалық әлеуметтік күтім нарығына енуі аса күрделі әлеуметтік мәселелерді туғызуда. Ол әйелдердің еркекшоралануына, яғни ермінезді болуына, отбасы менен балаларынан ұзақ уақыт қол үзуіне, жалғызбасты әкелер тобының көбеюіне әкеліп отыр. Сондай-ақ күтімнің этникалық, аймақтық ерекшеліктерінің болуы да бұл жұмысты жүзеге асыруды күрделендіре түседі. Мысалы, Сингапурдегі бала күтімі мәселесі мен Жапониядағы қарттар күтімі.

Фиона Уильямс «Күтімдегі жаһандық дағдарыс?» деп аталатын мақаласында Солтүстік пен Оңтүстіктің, Батыс пен Шығыстың бай елдері мен кедей елдері арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар кедей елдер азаматтарының, оның ішінде әйелдердің негізгі «асыраушы күшке» айналуына жол ашты. Күтім бизнесі трансұлттық сипатқа ие болды.

Бұл күтімнің әлемдік нарығында медбикелердің қызметіне сұранысты арттырды. Орташа-төмен табысы бар кейбір елдерде, мысалы Филиппинде, медбикелер мен күтім жасау бойынша жұмысшылардың ірі «экспортшысы» және сол елдегі шетел валютасының көзі болып табылады.

Зерттеушілер жергілікті қызметкерлермен салыстырғанда, мигрант қызметкерлерден талап етілетін біліктілік деңгейі біршама жоғары екенін атап өтеді. Мигрант қызметкерлер тұрғын үйге және әлеуметтік қорғауға азаматтық құқықтары төмен, қауіпті, төмен ақылы және үй шаруасына қатысты жұмысқа орналасады. Осы күрделі әлеуметтік жағдай неолиберал экономика түйткілдері мен қаржылық дағдарыспен астасқан ксенофобиямен ұштасуы жағдайды одан әрі шиеленістіреді. Белгілі әлеуметтанушы Карл Поланьяға сүйенсек, осы қаржылық дағдарыстар мен мигранттар және босқындар мәселесіне тап болатын елдер – өздерінің күзіретіндегі азаматтарды жалған тауарларға айналдырады және қауіпсіздік, ынтымақтастық пен тұрақтылықты қауіп-қатерге қояды. Қалыптасқан жағдай қоғамдағы қауіпсіздікке ықпал етеді.

Олай болса, зерттеушілер иммиграциялық қатынастарды реттеу, мигрант құқықтарын айқындау халықаралық ынтымақтастықтың тереңдеуін талап ететінін дәлелдейді. Әлемдік қауымдастық жаһандық деңгейде үй қызметкерін жалдау бойынша компаниялар мен олардың одақтастары қызметінің ұзақ уақытқа созылуына байланысты мәселені шешудің жолдарын қарастыруда. Мысалы, Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ) 2011 жылы үй қызметкері үшін бірінші халықаралық стандартты (№189 Конвенция) қабылдады. Канадалық зерттеуші Адель Блэккет өзінің «Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) үй қызметкерлері үшін лайықты еңбек стандарттарын тағайындауы» деген мақаласында үй қызметкерлерінің еңбегін реттеудің қажеттілігі жаһандық деңгейде туындағанына назар аударатырып, үй қызметкерлеріне қарым-қатынастың тарихи сабақтастық сипатын, оның нәсілдік кемсітушілік төркінін көрсетеді.

ХЕҰ деректеріне сәйкес, «үй жұмысымен айналысатын әйелдер мен ерлер саны – кем дегенде 67 миллион; бүкіл әлемде 25 әйел жұмысшының біреуі – үй қызметкері. Жеке үй қызметіне деген сұраныстың өсіп отырғанына қарамастан, үй қызметкерлерінің жаһандық экономикаға қосқан үлесі бағаланбай келеді», дей отырып, зерттеуші үй қызметкерлерінің халықаралық стандарттардың шығарылып, мойындалуы уақыт талабы екенін атап өтеді. 1999 жылы Халықаралық Еңбек Ұйымы «лайықты еңбек барлығы үшін» деген қағидатты ұстанған стандарттарды жасауға бағыт алды. К№189 мен № 201 ұсынымға сәйкес үйдегі қызмет көрсету жөніндегі құқықтық нормалар жасауға ұмтылыс байқалады. Венециядағы Са'Foscarі университетінің зерттеушісі Сабрина Марчетти ақылы үй жұмысын жаһандық басқару мәселелері жөніндегі зерттеуінде «институттық тұрғыдан ХЕҰ ғана емес, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) әйелдер, Халықаралық көші-қон ұйымы, Көші-қон және даму жөніндегі жаһандық форум, Еуропалық іргелі құқықтар агенттігі, БҰҰ-ның Әйелдер ісі жөніндегі комиссиясы және бірнеше халықаралық кәсіподақтар

соңғы жылдары үй қызметкерлері құқықтарын қорғау мақсатында нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, 2012 жылы Монтевидеодағы Үй қызметкерлерінің Халықаралық федерациясының (ҮҚХФ) құрылуы үй қызметкерлерінен тұратын ұлттық және аймақтық ұйымдар арасындағы жаңа байланыстарға негізделген осы жұмысшы қозғалысының жаһандық аясын көрсетті», - деп жазады. С.Марчетти мәселенің жаһандық сипатына қарамастан, ұлттық мемлекеттер әлі де үй қызметін еңбек деп тануда және үй қызметкерлерін қорғауда бірдей белсенділік танытпай отырғанын баяндайды. Мысалы, «Эквадор мен Үндістан мемлекеттік деңгейде екі карама-қарсы көзқарасты көрсетті: Эквадор үкіметі кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалар шеңберінде үй қызметкерлерінің құқықтарын белсенді түрде алға тартты, ал Үндістан үкіметі бұл мәселені азаматтық қоғам топтарының қысымына қарамастан саяси күн тәртібіне қойғысы келмеді».

Үй қызметкерлері де белсенді бола түсті. Олар ұйымдарға және кәсіподақтарға біріге бастады және халықаралық деңгейде бірігуге де ниетті. Мысалы, «Үй қызметкерлерінің сектор аралық ұйымдасу тарихында» Мексика мен Америка Құрама Штаттарында үй қызметкерлері ұйымдасуының принциптерін ұлтаралық және тарихи талдауды жүзеге асырудың бағыттары баяндалады. Екі елдегі үй қызметкерлерінің ұйымдасу тарихының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол, әлбетте, екі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен, еңбекке қарым-қатынаспен байланысты. Үй қызметкерлерінің өзекті мәселесін зерттейтін Үй қызметкерлерінің құқығын зерттеушілер желісі (RN-DWR) он жыл бойы қызмет жасап келеді, ақылы үй қызметі саласындағы мамандардың, ұйымдардың мүшелері және белсенді зерттеушілердің халықаралық желісі болып саналады.

Қорытындылай келе әлемдік қамқорлық әлеуметтануы қоғамдық дамудың күтім саласындағы жаңа мәселелері туралы білімді ғылыми айналымға ұсына отырып, әлеуметтік өмірдің сын-тегеуріндерінің маңызын өзектілеп отырғанын көреміз. Аталған мәселелер қазақстандық қоғамға да тән. Олай болса, қазақстандық әлеуметтанушылар мен әлеуметтік жұмыс теориясымен айналысатын зерттеушілер, құқықтанушылар үшін де ғылыми кеңістікте зерделенуі тиіс қомақты алаң бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығының (ISA) Global Dialogue журналы 2015 жылдан бастап қазақ тіліне аударылып отыр. 2018 жылғы 2 шығарылымын қараңыз. globaldialogue.isa@gmail.com
2. Хайди Готфрид, Дженнифер Джихай Чан «Шегі жоқ қамқорлық: күтім мен күтім жасаудың өзгеруі»// Жаһандық диалог, 2018, №2, 20-22
4. Шармилла Рудраппа Жүктілік пен баланы дүниеге әкелу - жалдамалы жұмыс (немесе ақылы жұмыс), Сонда, 37-39

- 5.Хельма Лютц Ержүректілік және әке болу: мигрант әйелдердің серіктестері, Сонда, 31-33 б.
- 6.Юен Тео Сингапур, бала күтіміне арналған керемет орын... кім үшін?, Сонда,33-35 б.; Пей-Чиа Лан Жапонияда күтуші мигрант-жұмыскерлерді жалдау және оқыту, Сонда,35-37б
- 7.Адель Блэкетт Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) үй қызметкерлері үшін лайықты еңбек стандарттарын тағайындауы, Сонда, 24-26 б.
- 8.Сабрина Марчетти Ақылы үй жұмысын жаһандық басқару, Сонда, 29-31б.
- 9.Крис Тилли, Джорджина Рохас, Ник Теодор Үй қызметкерлерінің сектор аралық ұйымдасу тарихы, Сонда, 26-29
- 10.Сабрина Марчетти, Хелен Швенкен,Мэри Голдсмит, Сонал Шарма, Лиза-Мари Хеймшоф, Верна Виажаржәне Оксана Балашова Үй қызметкерлерінің құқығын зерттеушілер желісі, Сонда,39-41б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЖЫРАСУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ: БАЛАЛАРҒА АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ БОЙЫНША МӘСЕЛЕЛЕР

Исахова Гулазия Дүйсенхановна
Л.Н.Гумлиев атындағы ЕҰУ
әлеуметтік жұмыс магистрі, аға оқытушы
Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Некенің заңды түрде бұзылуы ерлі-зайыптылардың ресми түрде ажырасуына алып келеді, дегенмен, ол неке заңды түрде тоқтатылғанмен ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдары бірнеше жылға созылатын процесс. Ажырасу, ол тек екі жұптың арасындағы жеке шешіммен ғана шектелмейді, ажырасудың салдары қоғамға да, ажырасқан адамдардың әлаухатына да, баланың өміріне де әсер етеді.

Ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдарының бірден-бір компоненті, ол, ажырасқан отбасындағы кәмілеттік жасқа толмаған балаларға төленетін алимент болып табылады. Қазіргі кезде, біздің қоғам үшін ажырасу мәселесі өзекті мәселеге айналып отыр, оған дәлел ретінде соңғы үш онжылдықтың статистикалық мәліметтерін келтіруімізге болады. Қазақстан Республикасындағы ажырасу бойынша статистикалық мәліметтердегі көрсеткіштерді қарастыратын болсақ:

- 1990 жылы ажырасу саны – 43327
- 2000 жылы ажырасу саны – 27391
- 2017 жылы ажырасу саны – 54626

Яғни, бұл көрсеткіштер бойынша, қазіргі кезде Қазақстанның 1000 адамға шаққанда әрбір үшінші (3,03) некелескен азаматы ажырасқан [1].